КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 13 наурыз №4712-24-00-2/275іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.О.Аташева,
сот отырысының хатшысы С.А.Жаукеннің қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Маңғыстау облысы «Полиция департамент» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Матаев Тастемыр Куйбагарович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Н.Т.Койкараев
жауапкер Т.К.Матаев
прокурор А.М.Дюсенова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылы 27 қарашада тараптар арасында 3 333 333 теңгеге құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы № 230421/00 шарты жасалған (әрі қарай - Шарт).

Шарт қазынашылықта 29 қараша 2023 жылы тіркелген.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер Шарт күшіне енген күннен кейін 15 күнтізбеліккүн ішінде техникалық ерекшелікке сәйкес ғимараттарды/үй-жайларды халықтың қимылы шектеулі топтары үшін

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар жасауға тиіс.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын, жұмыстар жасалмағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысына талап қоюмен келіспей, баспалдаққа мүгедектерге арналған пандусты орнатуға және сантарлық-гигиеналық аймақты ұйымдастыруға мүмкіндігі жоғы туралы тапсырыс берушіге тек ауызша айтылғанын, алайда тапсырыс беруші осы кедергілерді жоймағанын, осыған орай жұмыстар жасалмағанын. Тараптар Шартты өзара бұзуға ауызша келісімге келгенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор берген қорытындысында талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 11 бабының 4 тармағының 3) тармақшасының талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген соттар шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Іс материалдары бойынша анықталғаны, тараптар арасында жасалған Шарттың 1 қосымшасына сәйкес жауапкер Шарт күшіне енген күннен кейін 15 күнтізбеліккүн ішінде, яғни 15 желтоқсан 2023 жылға дейін техникалық ерекшелікке сәйкес ғимараттарды/үй-жайларды халықтың қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар жасауға міндеттенген.

Алайда, жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған. Аталған мән-жай тараптар арасында қол қойылған орындалған жұмыс актісінің жоқтығымен дәлелденеді.

Сонымен қатар, жауапкердің баспалдаққа мүгедектерге арналған пандусты орнатуға және сантарлық-гигиеналық аймақты ұйымдастыруға мүмкіндігі жоғы туралы уәждері негізсіз, өйткені сот отырысында маман ретінде сұралған В.В.Гольмаков бұл мән-жайды жоққа шығарды.

Документ подписан: Аташева А. О., 22.03.2024

Дата вступления в законную силу: 22.04.2024, судья Аташева А. О., 22.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшымен 20 желтоқсан 2023 жылы Шарт веб-порталы арқылы бұзылған.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында талап қоюшы заңда көзделген мерзімде өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінгені анықталды.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының талап қою қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

АК-нің 293-бабында борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес делінген.

Тараптар арасында жасақталған шарттың 8.4 тармағына сәйкес орындаушы Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ Шарттың қолдануы аяқталу мерзімінен кешіктірмей Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Орындаушыдан мерзімін кешіктірген әр күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшеріндетұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіре отырып, осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуғақұқығы бар.Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) Жұмыстардың құны үшін төлем жүргізеді.

Талап қоюшымен келтірілген тұрақсыздық айыбының есебі мынандай: 16 желтоқсаннан 20 желтоқсанға дейін 6 күнтізбелік күн үшін 3 333 333 х0,1% = 19 999 теңге 90 тиын =20 000 теңге құрайды.

Сотпен тұрақсыздық айыбының мөлшері тексеріліп, шарт және заң талаптарына қайшы келмейтіні анықталды.

Осыған орай, сот талап қоюшының мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Документ подписан: Аташева А. О., 22.03.2024

Дата вступления в законную силу: 22.04.2024, судья Аташева А. О., 22.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерлерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Сондықтан жауапкерден 2 446 теңге мемлекеттік баж мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің Маңғыстау облысы «Полиция департамент» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Матаев Тастемыр Куйбагаровичке сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы- қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Матаев Тастемыр Куйбагарович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Матаев Тастемыр Куйбагаровичтен мемлекет пайдасына 20 000 (жиырма мың) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 446 (екі мың төрт жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404- баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Документ подписан: Аташева А. О., 22.03.2024

Дата вступления в законную силу: 22.04.2024, судья Аташева А. О., 22.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Документ подписан: Аташева А. О., 22.03.2024

Дата вступления в законную силу: 22.04.2024, судья Аташева А. О., 22.04.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»